

# АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ  
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ  
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП



# АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ  
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ  
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

I КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.  
г. Қостанай, 2025 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:  
**Қ 22** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: I Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025 .– 1916 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: I книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025.–1916 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02  
ББК 74.00

ӘӨЖ 37.013.43

**МУЗЫКА – ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ****Шакиров Нағашыбай Мейрамұлы**

музыка бөлімінің оқытушысы

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Арқалық қ., Қазақстан

**Аңдатпа**

Мақалада күйдің қазақ халқының рухани және мәдени өміріндегі ерекше тарихи рөлі мен орны көрсетіледі. Күйдің жанрлық ерекшеліктері, тарихи рөлі және оның қазақ халқының рухани өміріндегі маңызы қарастырылады. Күйдің өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі мәні талданады.

**Түйінді сөздер:** музыка өнері, ұрпақ тәрбиесі, музыкалық – эстетикалық тәрбие, рухани мәдениет, қазақ халқының тарихи дүниетанымы, музыканың құдіреті

**Аннотация**

В статье указана особая историческая роль и место кюя в духовной и культурной жизни казахов. Рассмотрены жанровые особенности историческая роль и место кюя в духовной жизни казахов, его значение в воспитании подрастающего поколения.

**Ключевые слова:** музыкальное искусство, воспитание подрастающего поколения, музыкально–эстетическое воспитание, духовная культура, историческое мировоззрение казахского народа, сила музыки

**Abstract**

In this article deals with special historical role and place of kyi in spirit and cultural life of Kazakh people. Janre peculiarity of art kyi is the main field of Kazakh spirit culture and the meaning of up – bringing generation are showed.

**Key words:** musical art, upbringing of the younger generation, musical and aesthetic education, spiritual culture, historical worldview of the Kazakh people, the power of music

Өнер – халық тарихының шежіресі. Өнерде өмір, тіршілік құбылыстары, адамның күйініш – сүйініші, қуанышы мен реніші бейнеленеді. Қазақ халқының басынан өткен қилы заман, тіршілігі мен тағдыры, салт – дәстүрі, өмір сүрген ортасы мен әдет – ғұрыптары ұлттық өнері арқылы ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып, тарих арнасына айналды.

Өнер – өмір серігі, ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінен туған құбылыс. Өнердің өзі әдебиет, сурет, сәулет және музыка болып бірнеше салаға бөлінетін болса, соның ішінде біздің сөз ететініміз – музыка өнері.

Музыка өнері – әр ұлттың ертеден келе жатқан мәдени талғамының бір арнаға құйылып, асқақты күйімен өрбіп, дамып отыратын сан ғасырлық үнінің жемісі.

Музыканы қазақ халқы ежелден қастерлеген. Өн мен күйді жан–тәнімен сүйіп, ойға қанат, бойға жігер берер қасиетін танып білген.

Музыканың құдіреттілігін, оның адам сезіміне тигізер әсерін сиқырлы сұлу сөзбен, әсерлі тілмен жеткізуге болатын болса, онда музыканың қажеті бола қоймас деген ойымызды Д.Шостаковичтің «...если бы музыка могла выражать только то, что выражает человеческая речь, музыка была бы не нужна» деген пікірі нақтылай түседі [1].

Жеке тұлғаны талғампаздыққа тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда білімді, мәдениетті болып өсуінде музыканың алатын орны ерекше.

Білім беру жүйесінде балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтарын дамытуда домбыра аспабының пән оқытушысы үлкен рөл атқара алады. Осы тұрғыдан алғанда оқытушы тек техникалық дағдыларды үйретумен ғана шектелмей, оқушылардың рухани, мәдени және әлеуметтік дамуына ықпал етуі маңызды.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым – қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез – құлқын қалыптастыру құралы.

Қай заманда болмасын ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік парызы.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік, психологиялық – эмоционалдық қасиеттерін, әсемдікті, сұлулықты талғаммен, сүйіспеншілікпен қабылдауды эстетикалық тұрғыда қалыптастырады.

Тәрбиенің басты саласының бірі – эстетикалық тәрбие. Эстетика мен музыка тәрбиесіндегі ортақ мәселелерді зерттеу жеке тұлғаны табиғат пен өмірдегі әсемдікті, сұлулықты қабылдауға, бағалауға және түсінуге тәрбиелеп оқыту болып табылады.

Өзінің көркемдігімен, нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың жақсы мінез – құлықтарының қалыптасуына ықпал ететін, адамзаттың рухани азығы, жан серігі болып саналатын музыканы ұнатпайтын адамды кездестіру мүмкін емес, себебі музыка баршаға қажет, оның тілі кім – кімге де түсінікті.

Шығыс ойшылы, ғұлама ғалым Әбунәсір әл – Фараби: „Табиғат дүниесіндегі сұлулықтың ғажабы аспан шырақтарында, ал жердегі дыбыс сұлулығы – ән, күй сазында», – дейді [2, 25].

Музыканың тілі арқылы біз қоршаған ортадағы түрлі көріністі, тіршілік иелерінің түрлі әрекеттерін, мінез – құлқын, қуаныш – ренішін жеткізіп білдіре аламыз.

Адамға эстетикалық ләззат, рухани азық сыйлау дыбыстың ең жоғары қызметі десек, мұндай қызметті музыкалық дыбыс қана атқара алады. Музыкалық дыбыс – өзіндік мән – маңызымен өзге дыбыс атаулыдан ерекшеленетін дыбыс.

Адамның аңсаған арман – мұраты, қуанышы мен күйінішін, өмірдің тылсым құбылыстарын сан түрлі сиқырлы иірімдер арқылы санаға сіңіріп, жүрекке жеткізіп беруін музыканың мәні десек, маңызын сиқырлы да сүйкімді, сырлы ырғақтарымен, тебіреністі тербелістерімен адамды дүние сырын түсінуге, сұлулықты сезінуге жетелейтіндігінен көреміз.

Музыка жастарға музыкалық – эстетикалық тәрбие беруде оның ішкі жан дүниесінің әсем де сұлу болып қалыптасуына ықпал жасайды.

Музыкалық шығармаларды тыңдау арқылы оқушылар өмірдің сан түрлі оқиғаларынан мағлұмат алады. Музыкалық туындылар уақыт өткен сайын өзгеріп толығып отырады. Музыканы тыңдай отырып оқушылар сол шығарманың авторымен, оның шығармашылығымен танысады, музыкаға деген қызығушылығы оянады және музыкалық шығарманың өзіндік әсерлі, мәнерлегіш құрал екендігін ажырата алады.

Музыкалық тәрбие беру музыка тыңдап, ән айту, би билеу, музыкалық аспапта ойнау арқылы жүзеге асырылады. Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан дәстүр, әдет – ғұрпын терең түсініп игеруде, ән – күйдің мазмұн, мәнін толғана қабылдауда ұлттық музыка аспабында ойнау, дәлірек айтсақ, домбыраны меңгерудің маңызы зор.

Домбыра аспабын үйрету арқылы оқытушы жастарға ұлттық музыка, өнер және салт–дәстүрлерді түсіндіреді. Соның негізінде білім алушылардың мәдени құндылықтарға деген құрметі артады. Оқытушының қызметі музыка үйретумен қатар осы өнер түрінің тарихи маңызын ұғындыруға бағытталады.

Домбыра аспабы негізінде оқушылардың музыкалық талғамы мен шығармашылық қабілеттері дамиды. Оқытушы оқушыларды тек орындаушы ретінде емес, сонымен қатар шығармашылық ойлау, жаңа идеяларды жүзеге асыруға да үйретеді.

Домбыраның қос ішегінен төгілген ән – күйлерді тыңдау арқылы оқушылар түрлі сезім күйге бөленеді, эстетикалық ләззат алады, рухани жағынан толысады, дүниеге деген көзқарасы, дүниетанымы қалыптасады.

Музыка эстетикалық тәрбиенің маңызды бір бөлігі бола отырып, жеке тұлғаның ақыл – ойы мен дене бітімін жетілдіріп, жан – жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, қызығушылық біліктілігін және ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады.

Музыкалық тәрбие берудің басты мақсаты – музыка өнері арқылы рухани бай, шығармашылығы мол, халық өнерін өмірдің бейнесі ретінде түсініп, оны сүйе білетін, халқымыздың әдет – ғұрыптары мен салт – дәстүрлерін қастерлейтін, классикалық музыканы және басқа халықтардың өнерін құрмет тұтатын жеке тұлға тәрбиелеу.

Музыкалы – эстетикалық түсінік сәбидің жас кезінен–ақ пайда болады. Жас сәбилер алғаш дүние есігін ашқан сәттен бастап, өз анасының әсем әуенін тыңдап құлағына сіңіріп өседі. Өскен сайын ән айтуға, әдемі әуен тыңдауға құмартады, баланың қанына, санасына сіңеді.

Бірақ балалардың музыкалы–эстетикалық талғамы бірдей бола бермейді. Тіпті олардың музыканы қабылдау деңгейі де әр түрлі. Бірі тез, екіншісі орташа, үшіншісі баяу қабылдайды. Бұл табиғи жағдай, баланың өскен ортасына, музыкалы–эстетикалық талғамының жетілуіне, қабылдау қабілетіне және табиғи дарындылығына байланысты дамиды. Осыған орай шәкірттердің музыка өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, музыка өнеріне жөн сілтеу ең әуелі отбасы болса, одан соң музыка тәрбиесі мен музыка сабағының міндеті деп білеміз.

Әл – Фараби музыканың адам психологиясына әсері жөнінде: „музыка денені шынықтыратын гимнастика тәріздес, ол адамның жанын жетілдіреді. Алдымен ләззатқа бөлейді, содан соң құмарлықты оятады, қиялға жетелейді», – деп пікір айтқан [2]. Әуенді тыңдау арқылы қуанады, шаттанады, бір сәт ойға шомып мұңаяды, ерекше сезімге бөленеді. Осыдан келіп музыканың адам өміріндегі өзіндік орны, тәрбие құралы ретіндегі қызметі көрінеді.

Күй халықтың өзімен бірге туып, өсіп – өніп, бірге жасап келе жатқан киелі өнері десек, осындай өміршең мұраның қатарына адамның ішкі жан дүниесінің сезім иірімдерін, жан толқынысын таңғажайып әуен, ырғақпен жеткізетін қасиетті қара домбыра, қобыз, сыбызғы арқылы орындалатын күйлерін жатқызуға болады. Осы орайда біз оқушыларды аспаптың қай түрі арқылы орындалған ән – күйді тыңдатып тәрбиелесек те, оның эстетикалық – рухани танымын дамытуда әр аспаптың өзіндік үнімен, әуен – сазымен ерекшеленетіндігін де атап өткіміз келеді.

«Күй – қазақтың рухани мәдениетінің аса бір маңызды саласы», – деп академик Ахмет Жұбанов көрсеткендей, бұл өнердің бір шыңы – домбыра күйлері. Қандай да бір өнер иесі болмасын қоғамнан тыс өмір сүрмейді, нақтырақ айтар болсақ, өз туындысында шындық өмірді арқау етіп, елдің көкейтесті арман, мұратын көрсетсе, терең мән беріп, әсерлі жеткізе алса, тыңдаушы жүрегіне жол табатыны анық. Күй тілі арқылы тарихи оқиғалар, қоғамдағы өзгерістер, тылсым табиғаттың сан алуан көріністері ұрпақтан – ұрпаққа жетіп отырған.

Күйдің тақырыбына халықтың кешегісі мен бүгінгісі, өткені мен болашағы, тарихи жағдайы арқау болғандығын аңғаруға болады. Жанрдың осы ерекшелігін, халқымыздың тарихынан мол дерек беретіндігін, жанды әрі нақты шежіре екенін академик А. Жұбановтың: «Күйлердің өмірге жақындауы, әлеуметтік мұқтаж зәрулік–тен туатындығын және өзгеше тарихи сипатын күйшілердің қозғаған тақырыбы мен қойған аттарынан да аңғаруға болады. Өздерін қоршаған өмірді – табиғат көркін, тұрмыстың мұқтажын, жұмыр басты пендеге тән, осалдық пен мықтылықты, қоғамның қияметтей қым – қуыт қайшылық дүрбелеңін, бәрі – бәрін шешен сөйлете отырып, халық композиторлары өз заманына орай талай – талай образдар жасаған. Олар өз күйлерін халық көтерілісін бастаған қас батырларға да бағыштаған» деген пікірі нақтылай түседі [3, 11].

Қазақ халқының басынан қандай заман өтсе де, оны тура сол күйінде, айна қатесіз күй тіліне түсірген. Тарихи оқиғалар, аңыз хикаялар, тұрмыс –салттық, табиғаттың тылсым сырларын, әсемдігін суреттейтін сюжеттер қобыз, домбыра, сыбызғы көкірегіне ұялаған, қазақтың халықтық өнер дәстүрінде күй үлкен орынға ие болған.

Қазақтың рухани мәдениетінің аса бір маңызды саласы болып саналатын күй қоғам дамуымен қатар өзгеріп, жаңаша бір сипат алады, белгілі бір аспапта орындалған кезде тыңдаушысы өзгеше бір күйге бөленеді, күйшімен бірге тебіренеді, толғанады, күйдің құдіретінен түрлі сезім күйін бастан кешеді.

Халқымыздың музыка тілін терең түсінетіндігіне дәлел ретінде ертедегі мына бір аңызға тоқталсақ, әл – Фарабидің заманында шығыс патшаларының бірінің сарайында тамаша той – думан, жиын болыпты. Сол жиынға Фараби де қатысады. Көңілдері көтеріңкі ерекше әсердегі қауым Фарабиге назар аудармаса керек. Сол сәтте Фараби домбырасын қолына алып, аса бір мұңды күй тартады; оның мұңдылығы сондай елдің бәрі ойын – сауықты тастай салып, күйдің әсерінен бір сәт уайымға беріліп, егіл – тегіл жылайды; енді бір сәт көңілді, қуанышты әуенді ойнағанда әлгі жұрт санасына, сезімі мен қиялына пайдалы әсер еткен күйдің әсерінен көңілдері көтеріліп, билеп, жүздері бал – бұл жанып, тамаша бір сезімге бөленеді. Бұдан соң күйші жаймашуақ бір сарынды, қоңыр ырғақты күйді орындағанда жиналғандардың бәрі де ұйып тыңдап ұйықтап қалады. Осыдан музыканың құдіретті күшін, сиқырлы сырын аңғарамыз, тыңдаушысын елін, Отанын сүйуге, еркіндікті бағалауға, салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын қадірлей білуге, тарихы мен әдебиетін, өнерін бойына терең сіңіруге тәрбиелейтін құдіретті өнер екендігінің тағы бір мәрте куәсі боламыз.

Домбыра үні өзіне тән дыбыстық бояуымен, алуан түрлі желіс – қағыстарымен қатар, өте бай көркем образдық әлемімен де айқындалып, қазақ халқының тарихи дүниетанымы және психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысып жатады.

Оқытушы оқушыларға әрбір шығарма мен оның орындау ерекшелігін таныстыру арқылы мәдени құндылықтарды жандандырады.

Домбыра аспабын оқыту, оның тарихи және мәдени мәнін түсіндіру негізінде жастарды рухани тұрғыдан байытуға мүмкіндік мол. Оқытушының қызметі тек музыкалық білім берумен ғана емес, оқушылардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін қалыптастырумен де байланысты. Балалар мен жастардың тәрбиесінде музыкалық білімнің маңызы зор десек, осы үдерісте домбыра аспабы ерекше орын алады.

Күй музыкасы халықты жарқын болашаққа, бақытқа, шұғылалы өмірге ұмтылдыратын рухани күші есебінде көрінеді.

Өнер зерттеуші – ғалым А.Сейдімбек музыканың рухани құдірет – күші жөнінде: „Кез келген ұлттық музыкаға сол ұлттың дәстүрлі талғам – танымымен қарай алғанда ғана оның құдірет сырлары жарқырай ашылады», – дейді [4, 80]. Олай болса, музыка мамандарының алдында тұрған мәселелердің бірі – ұлттық рухани байлығымызды қадірлейтін, музыканың құдіретін терең түсінетін, оны өзінің рухани азығы ретінде бағалай білетін, адам өмірін нұрландыруға, ізгілендіруге ат салысатын, ұлттық талғам мен таным дүниесі жан – жақты дамыған музыкалық білімді тұлға тәрбиелеу.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Шостакович Д. Знать и любить музыку. – Москва: «Молодая гвардия», 1958.
2. Музыка әлемінде. Республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журнал. №1, 2005.
3. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Жазушы, 1975.
4. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана: 2002.

## **МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ**

### **АЛҒЫ СӨЗ**



### **ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО**

<b>Сеитбек Бекенович Куанышбаев</b> , география ғылымдарының докторы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма - Төрағасы - Ректоры	3
---	---

### **ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР**



### **ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ**

<b>Eva Smetanová</b>	Education as a tool for cultural dialogue	6
<b>Алиева Эльмира Максutowна</b>	Основные принципы формирования ценностей и интересов у обучающихся в условиях образовательной среды	8
<b>Сюндикова Данагуль Жаппасбаевна</b>	Роль, значение и пути реализации воспитания подрастающего поколения на основе национальных ценностей в организациях образования костанайской области	13
<b>Өтелбаева Салтанат Амантайқызы</b>	Ыбырай жайында табылған тың деректер	17
<b>Бектурганова Римма Чингисовна</b>	Развитие инструментов формирования исследовательской культуры у будущих педагогов	20
<b>Моисеева Людмила Владимировна, Балюкова Татьяна Владимировна</b>	Формирование экологической картины мира есть новое направление развития образования России	26

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ТӘЖІРИБЕ, ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР**



**ЦЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ И МОЛОДЕЖИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ:  
ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ**

<b>Абатов Нурлыбай Тулепбергенович, Кадырова Айгуль Кеулимкосановна</b>	Жастарға ұлттық тәрбие берудің мақсаты	<b>30</b>
<b>Абдикирова Динара Аманжоловна</b>	Тәрбие негізі–ұлттық құндылықтарда	<b>34</b>
<b>Абдимоминова Дилдаш Каппаровна, Омарова Дильназ Кенжебековна</b>	Құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құрудағы геймификацияның рөлі	<b>37</b>
<b>Абдуллина Татьяна Владимировна</b>	Проблемы и возможности культурно–ценностной образовательной среды для развития функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы	<b>42</b>
<b>Абитова Вера Анатольевна</b>	Формирование гармонично развитой личности дошкольников на основе ценностей через программу воспитания «Біртұтас тәрбие»	<b>46</b>
<b>Айдарханова Айымгуль Мейрамбаевна, Нурмуханбетова Нургуль Нуркеновна</b>	Формирование интереса к предмету химия через межпредметную связь	<b>51</b>
<b>Айзверт Виктория Александровна, Шпехт Наталья Васильевна</b>	Интеграция национальных ценностей в образовательный процесс младших классов на уроках литературного чтения, математики и изобразительного искусства	<b>57</b>
<b>Аймуханова Карина Темировна</b>	Научное видение понятий «инклюзивное образование», «менеджмент инклюзивного образования»	<b>60</b>
<b>Акишева Балайым Жансеитовна, Айнабекова Акмарал Сабитовна</b>	Білім саласындағы тәрбие құндылықтары: тәжірибе, мәселе, шешім ұлттық құндылықтар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу	<b>63</b>
<b>Аликин Марк Игоревич, Лукьянченко Наталья Владимировна</b>	Субъективное восприятие подростками – единоборцами занятий спортом	<b>66</b>
<b>Алпысбаева Айнагуль Темирханговна, Карибаева Динара Булатовна</b>	Роль и значение инклюзивного образования в современной школе	<b>71</b>
<b>Альбекова Айжан Турсунбековна</b>	Патриотическая направленность песен Розы Рымбаевой	<b>74</b>
<b>Альдикенова Анар Альмухановна</b>	Ұлттық құндылықтар мен жаңа педагогикалық әдістемелер: жастар тәрбиесі мен білім берудегі өзара ықпалы	<b>79</b>
<b>Амантаева Айгуль Багитжановна</b>	Природа философии знания	<b>83</b>

1 СЕКЦИЯ

<b>Амирхамзин Наурызбай Касенғалиевич</b>	Бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағындағы шығармашылық әрекеті	<b>86</b>
<b>Амрина Аклима Алпамышевна</b>	Білімалушылардың негізгі құндылықтарды игерудегі «Біздің өлке» электрондық құралының орны	<b>92</b>
<b>Анцупова Светлана Николаевна</b>	Инклюзивное образование на уроках физической культуры в общеобразовательной школе	<b>97</b>
<b>Аралбаева Айгуль Кенесовна</b>	Ценности воспитания в образовании: анализ опыта и перспективы	<b>99</b>
<b>Аргимбаев Темирлан Ерланович</b>	Сокровища прошлого: сущность традиционных ценностей в современном воспитании	<b>105</b>
<b>Атабаева Динара Хамитовна</b>	Воспитание детей и молодежи в системе образования казахстана: ценности, вызовы и пути решения	<b>109</b>
<b>Аухатова Рза Жансултанова, Мурзағалиева Кенжегүль Зайнуллиновна</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жастарды тәрбиелеудің негізгі құндылықтары	<b>113</b>
<b>Аушамина Гулжан Заркимовна, Баймағанбет Маржан Мәлікқызы</b>	Балалар арасында рухани және моральдық құндылықтардың өзгеруі: себептері мен шешу жолдары	<b>117</b>
<b>Ахметғареев Дамир Рифағатович</b>	Формирование экологической культуры через исследования: воспитание сознательности и ответственности	<b>121</b>
<b>Ахметова Аймкуль Кадирбаевна, Жакаева Салтанат Ануарбековна</b>	Концептуально–дидактическая модель подготовки студентов для музыкально–образовательной деятельности	<b>126</b>
<b>Ахметова Данагул Нурмуханбетовна</b>	Қазақ жұмбақтарындағы ұлттық дүниетаным көрінісі	<b>131</b>
<b>Ахтай Жансая Маратқызы, Құлжанова Бақытгүл Райханқызы</b>	Балалар мен жастарды тәрбиелеуде қазақ тілді жаңалық мәтіндеріндегі неологизмдер мен терминдердің рөлі	<b>135</b>
<b>Аяпбергенова Алмагуль Бахитжановна</b>	Бастауыш мектептегі заманауи тәрбиенің құндылықтары	<b>139</b>
<b>Бабич Светлана Сергеевна</b>	Формирование профессионально–личностных качеств будущего хореографа в процессе обучения в вузе	<b>142</b>
<b>Баякенова Мадина Кусмановна</b>	Роль образования в формировании ценностных ориентиров подрастающего поколения	<b>146</b>
<b>Баженкова Наталья Владимировна, Магун Татьяна Ярославовна</b>	Определение уровня стрессоустойчивости студентов института физической культуры	<b>150</b>
<b>Баженова Эльмира Даулетхановна, Сәбит Айгүл Ғаниматқызы</b>	Болашақ әлеуметтік педагогтың толеранттылығын қалыптастыру мәселесі	<b>153</b>

1 СЕКЦИЯ

<b>Базарбаева Балганат Еркимбаевна</b>	Тарихи тұлғалар жайлы білім беру арқылы жас буынды патриотизмге тәрбиелеу жолдары	<b>157</b>
<b>Байгентов Бауржан Булатович</b>	Воспитание нравственного, ответственного, инициативного и компетентного специалиста как важнейший фактор развития казахстанского общества	<b>160</b>
<b>Баймаганбетова Айгерим Прмановна</b>	Эссе как инструмент развития ключевых компетенций в цифровую эпоху: практический аспект	<b>164</b>
<b>Байтенова Ляззат Бактыбековна</b>	Платформа «qabilet»: современные решения для диагностики, профориентации и поддержки учеников	<b>167</b>
<b>Байтикенова Умутгуль Какимбековна</b>	Қазақстан тарихын оқытуда білім алушылардың тарихи құндылығын қалыптастыру	<b>171</b>
<b>Бакатова Гульнара Актасовна</b>	Современное воспитание: путь к гармоничному обществу	<b>175</b>
<b>Бандурина Любовь Владимировна, Головки Наталья Григорьевна</b>	Решение конфликтов в системе «семья–школа–общество»: пути и инструменты	<b>180</b>
<b>Бекенова Салтанат Калихановна</b>	Ақын Тұманбай Молдағалиевтің тұмадай тұнық жырлары	<b>185</b>
<b>Бексултанова Раушан Каиржановна, Карашинова Алмагуль Серикбаевна</b>	Мектептегі гуманитарлық пәнді концептуалды оқыту мен құндылықтар	<b>190</b>
<b>Бектұрғанов Қуаныш Берікболатұлы, Әлім Назгүл Әлібекқызы</b>	Оқушыларға тарихи сананы қалыптастырудағы «Қазақ халқының ұлт–азаттық көтерілістері» бағдарламасының рөлі	<b>193</b>
<b>Беликов Илья Вячеславович, Чаплыгина Елена Владимировна</b>	Физическая культура в системе физического воспитания в общеобразовательных учреждениях и высших учебных заведениях	<b>198</b>
<b>Биримжанова Айгуль Каримовна, Ерманова Айгуль Боранбаевна</b>	Дебат технологиясын білім беру үдерісінде пайдаланудың маңызы және практикалық нәтижелері	<b>201</b>
<b>Бисекенова Айкенже Сериковна</b>	Көркем еңбек арқылы ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу: тәжірибе, проблемалар және шешімдер	<b>206</b>
<b>Блохина Светлана Ивановна</b>	Интеграция ценностей в образовательный процесс: формирование гармоничной личности через развитие одаренности младших школьников	<b>209</b>
<b>Бойко Елена Александровна</b>	Речевое развитие как фактор воспитания и социализации детей с кохлеарной имплантацией в условиях специального дошкольного учреждения: опыт, проблемы, направления	<b>214</b>
<b>Бокубаева Мария Жанабилловна, Бузанова Лямзия Амантаевна</b>	Ценности воспитания: симфония традиций и современности	<b>218</b>

1 СЕКЦИЯ

<b>Болотько Елена Николаевна</b>	Системный подход к формированию экологической культуры обучающихся	<b>223</b>
<b>Бондаренко Марина Ивановна</b>	Ценности воспитания на уроках русского языка и литературы: фундаментальные основы и пути их развития	<b>226</b>
<b>Бондарь Виктория Сергеевна</b>	Роль учителя в формировании моральных ценностей у учащихся начальных классов	<b>230</b>
<b>Брянова Айсзуле Есимжановна, Ибраева Гульнара Айтбаевна</b>	Қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтар негізінде функционалдық сауаттылықты дамыту	<b>234</b>
<b>Бублий Константин Григорьевич</b>	Steam–технологии на уроках художественного труда : синтез и творчество науки	<b>238</b>
<b>Буляканова Юлия Маратовна, Демисенова Шнар Сапаровна</b>	Методы диагностики уровня развития социального интеллекта студенческой молодежи	<b>243</b>
<b>Бурбаева Лаура Ахатовна</b>	Исследовательские навыки в условиях инклюзивного образования	<b>248</b>
<b>Бушенеева Култай Бияхметовна, Сагадиева Кенжегуль Биахметовна</b>	Жаратылыстану бағытындағы пәндерін интеграциялауда жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру	<b>252</b>
<b>Винникова Лидия Васильевна, Кравченко Ольга Александровна</b>	Воспитание духовных ценностей в контексте изучения лексических тем на уроках русского языка в старших классах	<b>255</b>
<b>Вяжевич Анна Викторовна</b>	Роль интегрированных уроков истории в совершенствовании гражданского образования	<b>259</b>
<b>Габайдулина Алёна Тимуровна, Пузеп Любовь Геннадьевна</b>	Тревожность младших школьников как психолого–педагогическая проблема	<b>263</b>
<b>Гаврилова Любовь Максимовна</b>	Воспитательный потенциал учебных дисциплин педагогического образования	<b>266</b>
<b>Гавриляк Инна Михайловна, Солоха Ирина Константиновна</b>	Изучение родного края как средство гражданско–патриотического воспитания младших школьников	<b>269</b>
<b>Гаркуша Ольга Николаевна</b>	Формирование гармоничной личности через единство образования и воспитания	<b>274</b>
<b>Гелисханов Сергей Сергеевич, Гелисханова Анастасия Андреевна</b>	Эффективность волейбольных секций в образовательных учреждениях: опыт и перспективы	<b>277</b>
<b>Гимельрайх Алена Николаевна, Михайленко Светлана Валерьевна</b>	Ценности воспитания в детском саду: опыт, проблемы и решения	<b>281</b>
<b>Горпенко Наталья Андреевна</b>	Реализация ценностей программы «Біртұтас тәрбие» в работе куратора	<b>285</b>
<b>Грохольская Нина Георгиевна</b>	Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях	<b>288</b>

1 СЕКЦИЯ

<b>Гуныкина Надежда Владимировна</b>	Ценности воспитания детей и молодёжи в системе образования: опыт, проблемы и решения	<b>292</b>
<b>Дементей Наталья Николаевна</b>	Стратегии сопровождения родителей в вопросах воспитания детей поколения Z в практике работы современной школы	<b>297</b>
<b>Джубатыров Рустам Хозе–Диасович</b>	Военно–патриотическое воспитание молодежи: опыт	<b>301</b>
<b>Джумабекова Жанслу Оралбековна</b>	Социальные сети и воспитание подрастающего поколения: вред или польза?	<b>304</b>
